

Санды теңсіздіктердің қасиеттері



Сабақтың мақсаты

Білімділік: Санды теңсіздіктердің қасиеттерін есептеулерде пайдалана білу, оқушылардың есептер шығару дағдысын жетілдіру. Оқушыларға тақырыпты меңгерту, ой тұжырымдарын жасауға жетелеу.

Дамытушылық: Оқушылардың ойлау қабілетін, пәнге қызығушылығын арттыру. Іскерліктерін, өз бетімен еңбектену сезімдерін, жеке оқушылардың білім дағдыларын дамыту. Санды теңсіздіктердің қасиеттерін пайдалана білуге дағдыландыру.

Тәрбиелік: Оқушыларды алғырлыққа, тапқырлыққа, дәлдікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.



*Ойға толсын санамыз,
Бестік болсын бағамыз.
Баласындай бір үйдің,
Тату болсын арамыз.*



1

Ауызша есеп

1. $-12+(-15)$
 $-20- (- 0,5)$
 $-0,5 - 2$
 $4,2+ (-1,7)$

2. $40+(-8)$
 $65- (-35)$
 $-32+16$
 $-50- 70$



Үй тапсырмасы

№913 Теңсіздіктегі бос орынға (*)
теңсіздік тура болатындай санды қойыңдар:

- $a+4 < -2$ болса, $a < -6$
- $a-3 > 7$ болса, $a > 10$
- $a-0,5 < -3$ болса, $a < -2,5$
- $a+6 > 2$ болса, $a > -4$

$$a+4-4 < -2-4$$

$$a-3+3 > 7+3$$

$$a-0,5+0,5 < -3+0,5$$

$$a+6-6 > 2-6$$



3

Логикалық есеп

Сарайда тауықтар және қояндар бар. Оларда 15 бас, 50 аяқ болса, сарайда неше тауық, неше қоян бар?

Сарайда нелер көп? Теңсіздік арқылы көрсетіңдер.



Санды теңсіздіктердің қасиеттері





№916

1) $5 > 3$; 2) $8 > 5$; 3) $7 < 10$; 4) $3 < 6$ теңсіздігінің оң жақ бөлігіндегі және сол жақ бөлігіндегі санға кері сандарды салыстырып, тура теңсіздікті жазыңдар.

5

№917

Бірінші тізбеде 27 шар, екінші тізбеде 21 шар бар. Қай тізбеде шар көп?

- Тізбелердің әрқайсысына 12 шардан қосылды. Тізбедегі шарларды салыстырыңдар.
- Тізбелердің әрқайсысынан 6 шардан алынды. Тізбедегі шарларды салыстырыңдар.

*Деңгейлік
тапсырмалар*

Сәйкестендіру сызбасы

Оң санға қарама-қарсы сан

оған қарама-қарсы санға тең

О саны өзіне-өзі

рационал сандар

Теріс санға қарама-қарсы сан

сол санның өзіне тең

Бүтін сандар, бөлшек сандар

оң сан

Теріс санның модулі

теріс сан

Оң санның модулі

қарама-қарсы сан



8

Тест тапсырмасы

I нұсқа

1. Сандарды салыстырыңдар:

1,4 және 1,6;

а) $1,4 > 1,6$ ә) $1,4 \leq 1,6$ б) $1,4 < 1,6$

2. Қос теңсіздіктің натурал шешімін табыңдар:

$$2,25 < z < 4,88$$

а) $z=3; 4$ ә) ә) $z=3; 5$ б) $z=2; 4$

3. 5;12;16; 7;13 сандары мына теңсіздіктің шешімі бола ма?

$$x - 3 < 10$$

а) 5;12;13 ә) 7;13;16 б) 5;7;12

4. Есепте: $3,9 \div (1,3) + 6$

а) 7,3 ә) 9 б) 0,9

5. Ұқсас қосылғышты біріктіріңдер:

$$5(4-3x)+8x$$

а) $20-7x$ ә) $20+5x$ б) $20-5x$

No

II нұсқа

1. Сандарды салыстырыңдар:

1,4 және 1,2;

а) $1,4 \geq 1,2$ ә) $1,4 > 1,2$ б) $1,4 < 1,2$

2. Қос теңсіздіктің натурал шешімін табыңдар:

$$0,25 < y < 3,5$$

а) $y=1;2;3$ ә) $y=0;1;2;3$ б) $y=1; 2 ; 4$

3. 10; 12;14; 15 сандары мына теңсіздіктің шешімі бола ма?

$$x - 5 < 10$$

а) 10;12;15 ә) 10;12;14 б) 12;14;15

4. Есепте: $2,5 \div (-0,5) + 6$

а) 1 ә) -1 б) 0,1

5. Ұқсас қосылғышты біріктіріңдер:

$$3(2-2x)+5x$$

а) $6+x$ ә) $6-3x$ б) $6- x$

Тест жұмысының кілті:

I нұсқа

№1

Б

№2

А

№3

Б

№4

Ә

№5

А

II нұсқа

№1

Ә

№2

А

№3

Ә

№4

А

№5

Б

Үйге тапсырма:

№918 , №920 (208 бет)